



www.mmg.kz

# Мұнайлы АЛЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz\_jsc

№09 (155), қазан, 2022 жыл



**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Үздік маман – 2022» кәсіби шеберлік байқауы 3-6 қазан аралығында Қызылорда қаласындағы «Қазгермұнай» БК ЖШС өндірістік алаңдарында өтті.**

Естеріңізге сала кетейік, бұл байқауға өз компанияларында үздік нәтиже көрсеткен «ҚазМұнайГаз» компаниясына қарасты еншілес және тәуелді ұйымдар тобының қызметкерлері қатысты.

Компания намысын қорғауға аттанған үздіктеріміз сайыстың бес

аталымы бойынша жүлделі оралды.

Слесарь-жөндеушілер сайысында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы №1 мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінің 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі Абдол Бижанов екінші орынды иеленсе, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ ҒЗЖӨЖЦ 5-дәрежелі

ұңғымаларды зерттеу операторы Асхат Қазиев, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №2 МГӨК 4-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Қуаныш Серікбаев, сондай-ақ, «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ 4-дәрежелі қабат қысымын ұстау цехының операторы Серікбол Айжарықов және «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ Механикалық цехтың 5-дәрежелі темір жонушысы Рахат Иман жеңіс тұғырының 3-ші сатысынан көрінді.

\*\*\*

7 қазан күні Ақтау әуежайынан Қызылордада өткен "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ - "Үздік маман - 2022" кәсіби шеберлік байқауының жүлдегерлерін Компания басшылары және әріптестері күтіп алып, құрметке бөледі.

Компания атынан "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ермек Коптлеев, "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ бастығының бірінші орынбасары Мақсат Нұрғабылов, "Жетібаймұнайгаз" ӨБ бастығының орынбасары Жолдасбек Ешманов және ҚМГ ӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы Бердібек Қуатбай конкурс қатысушылары мен жеңімпаздарын ыстық ықыласпен қарсы алып, кәсіби додада қол жеткізген жоғары жетістіктері үшін алғысын білдірді.

Бұл жеңіс жалпы ұжымның жеңісі. Компаниямызда жолға қойылған кәсібилік пен шеберліктің айқын көрінісі.

Әріптестерімізді лайықты жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз! Білікті мамандармен «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының мерейі де үстем болмақ! Біз сіздермен мақтанамыз, Әріптестер!





## МҰНАЙШЫЛАР ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

14 қыркүйекте «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да орталық аппарат ұжымының «Аманат» партиясының өкілдерімен кездесуі өтті, оның барысында қатысушылар ҚР Президенті Жолдауының негізгі аспектілерін талқылады.



Партия өкілдері Президенттің Жолдауы Қазақстанның одан әрі дамуы мен өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық салаларды нығайтуға, халықтың әлауқатын арттыруға және саяси трансформацияны жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтіп, Мемлекет басшысы бастамашы болған өзгерістер халықтың өміріне оң әсер ететінін атап өтті. Атап айтқанда, сөз сөйлеу барысында «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына үлкен назар аударылды, яғни Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ы балалардың 18 жасқа толғанға дейін, мерзі-

мінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақтаушы шоттарына аударылатындығына назар аударылды.

Кездесу барысында саяси реформаларға, білім беру сапасына, медицинаға, жұмыссыздыққа және т.б. қатысты басқа да көптеген өзекті мәселелер талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша партия өкілдері Президент Жолдауында қойылған міндеттердің төңірегінде топтасуға және оларды іске асыруға белсенді қатысуға шақырды.

## КӘСІПОДАҚТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

6 қазанда Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар күніне орай, өңір басшысы Нұрлан Ноғаев еңбек және әлеуметтік экономикалық құқықтарды қорғаудағы белсенді қызметі үшін, сондай-ақ, кәсіподақ қозғалысының қалыптасуы мен дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс айтып, кәсіподақ мүшелеріне Алғыс хат Қазақстан кәсіподақтар федерациясының медальдерін табыстады.



Салтанатты шарада әріптесіміз, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кәсіподақ төрағасы Бекес Құлмұрынов облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

8 қазанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мәди Кентановқа компания мен жұмысшылар арасындағы қалыптасқан әріптестік қарым-қатынасқа алғыс айтып, сый-сияпатын табыстады.



## 15 ЖЫЛ: МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ

2007 жылы өндірілетін сұйықтық көлемінің артуына байланысты, Қаламқас кенорнында тәулігіне 60 000 текше метр сұйықтық, 12 000 текше метр мұнай өндіретін қондырғы пайдалануға берілді. Осы жылы қыркүйекте мұнайшылардың жыл сайынғы межелеген көрсеткішке қол жеткізуіне сеп болған алдын ала су айыру қондырғысына 15 жыл толды.

Алғашында МДӨЦ цехына қарасты учаскені Алтай Әлсихов басқарса, бүгінде ұжымға білікті маман Серік Заханов жетекшілік етеді.

Алдын ала су айыру қондырғысы (УПСВ) - бұл резервуар, мұнайды жылыту пештері, мұнайды газсыздандыру жүйесі, түрлі мақсаттағы сорғы станциялары,

құбыр жүйесі, жерасты кәріз коммуникация жүйесі, өрттен қорғау жүйесін біріктірген күрделі кешен. Алдын ала су айыру қондырғысы өндірілген мұнайды қабат суынан және ілеспе газдан яғни, газсыздандыру және механикалық қоспалардан тазарту, №1, 2 МГӨК-цехтарынан түсетін ГЖС-тен бөлу, сондай-ақ мұнайды



5%-ға дейін суландырумен МДӨЦ-ке дейін айдау үшін жылыту қызметін атқарады.

2007 жылы учаске қызметкерлерінің саны 30 адамды құраса, қазіргі таңда 42 қызметкер аталған цехтың табысын еселеп, табанды жұмысын жүйелеп отыр. 2018 жылы алдын ала су айыру қондырғысын кеңейту жұмыстары жүргізілді. Соның арқасында қондырғының бүгінгі тәуліктік өнімділігі 90 000 текше метр сұйықтықты құрап отыр.

Аз уақыт ішінде УПСВ ұжымы нағыз кәсіби мамандардан құралған іргелі ұжымға айналып үлгерді. Тәлімі мықты кадрлар кәсіпорын келешегінің қарқынды дамуына жолашты.

УПСВ ұжымын лайықты мерейтойымен құттықтай отырып, алдағы уақытта да қол жеткізетін жағымды жаңалықтары көп болғай дейміз!



## «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ» ПОДТВЕРДИЛ СООТВЕТСТВИЕ МЕЖДУНАРОДНЫМ СТАНДАРТАМ

АО «Мангистаумунайгаз» радо сообщить, что по результатам внешнего инспекционного аудита, проведенного TUV AUSTRIA, Общество в очередной раз подтвердило соответствие интегрированной системы менеджмента международным стандартам:

- ISO 9001 «Система менеджмента качества»;
- ISO 45001 «Система менеджмента охраны здоровья и обеспечения безопасности труда»;
- ISO 14001 «Система экологического менеджмента».



Напоминаем, что начиная с 2017 года АО «Мангистаумунайгаз», стремясь соответствовать лучшим мировым практикам внедрил интегрированную систему менеджмента в области качества, экологического менеджмента, менеджмента охраны здоровья и безопасности труда и на протяжении 5-ти лет успешно проходит подтверждение на их соответствие перед сертификационным обществом.

Очередной инспекционный аудит в 2022 году был проведен международной компанией TUV AUSTRIA, являющейся лидером в области сертификации.

Стоит отметить, что сертификация на соответствие вышеупомянутым стандартам уже много лет является общепринятым подтверждением качества производимой Обществом продукции, а наличие сертификатов ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 – это важное свидетельство надежности компании, а также заявление об ответственной позиции Правления Общества по отношению к окружающей среде, здоровью сотрудников и выпуску качественной продукции.

## БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

«Мектепке жол» республикалық акциясының шеңберінде «Маңғыстаумунайгаз» АҚ мұқтаж отбасыларға оқу құралдарын сатып алуға көмек көрсетуді жалғастырып келеді.



Жақында компания жұмыскерлері Қарақия және Маңғыстау аудандарынан келген 23 отбасыға материалдық көмек көрсетті. Мектепке керек-жарақтарды сатып алу үшін әр отбасыға 52 000 теңгеден берілді. Көмек көрсетуге арналған қаражат (1 млн.теңгеден астам) «Маңғыс-

таумунайгаз» АҚ орталық аппаратының басшылық құрамынан жиналғандығын айта кетуге керек.

Ата-аналар компания ұжымына көрсеткен көмегі үшін шын жүректен алғыс айтып, еңбекте табыс және отбасыларына амандық тіледі.



## МҰНАЙШЫЛАР САНЖАР КЕРІМБАЙМЕН КЕЗДЕСТІ

2 қазан күні Қаламқас кенорынында мұнайшы жастар «Риза ана» қоғамдық қоры, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» ұйымдастыруымен «Отбасы хрестоматиясы» жобасының авторы, журналист Санжар Керімбаймен кездесті. Санжар Керімбай бүгінде халқымыздың байырғы салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын насихаттап, аңыз-қиссалардың мәнін ұғынуға үн қосқан, «Әлдиден эпосқа дейін», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Сияр шәріп», «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» секілді кітаптар арқылы көпшілікке танымал.



Кездесуде Санжар Керімбай мұнайшыларға Қазақ журналистикасының бір туар тұлғасы, талантты журналист Бейсен Құранбек жайлы естеліктер айтып, тау тұлғаның өмірі мен өнегесін, елдік мүдде, қоғамға қызмет жолындағы сәуелі ғұмырынан сыр шертті.

Кеш соңында еңбек ұжымы «Бейсен және болмыс» кітабының авторымен естелік суретке түсіп, автордан қолтаңба алып, жақсы көңіл-күймен тарқасты.

## АҚШЫМЫРАУДАН МЫҢ АЛҒЫС

Ақшымырау ауылы әкімшілігінің сұраныс хатына сай, 02-08 қазан аралығында Қаламқас кенорынан арнайы техникалар (1 погрузчик трактор, 1 жүк көлігі) келіп, ауыл ішілік тазалық жұмыстары жүргізілді. 6 күн ішінде ауыл ішінен 445 тонна қоқыс шығарылып, арнайы полигонға жеткізілді. Сондай-ақ ауылдың топырақ басып қалу қаупі бар көшелер мен үйлердің

айналасы тазартылып, тегістелді. Тазалық айлығы аясында ұйымдастырылған аталмыш шараға арнайы техникалармен үнемі көмек көрсетіп отырған «Маңғыстаумунайгаз» АҚ, «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ басшылығына ауыл тұрғындары атынан алғыс айтамыз.

Ақшымырау ауылы әкімшілігі







### Қор компанияларының акцияларын қалай сатып алуға болады?

Бөлшек инвесторлар (жеке тұлғалар) бағалы қағаздарды сатып алудың үш тәсілінің бірін таңдай алады:

**1. Брокерлік компания арқылы.**  
Бұл әдіс бағалы қағаздарды тұрақты негізде сатып алу/сату бойынша одан әрі операцияларды жүзеге асыруды, сондай-ақ брокерлерден нарық бойынша аналитикалық материалдарды алуды жоспарлап отырған инвесторларға қолайлы. Көптеген брокерлер өз клиенттеріне веб-сайттар және/немесе мобильді қосымшалар арқылы қызмет көрсетеді.

**2. Tabus қосымшасы арқылы.**  
Бұл әдіс акцияларды брокерлік шот ашпай, мобильді қосымшаның көмегімен тікелей жазылу арқылы сатып алуға мүмкіндік береді. Тікелей жазылу арқылы сатып алынған акцияларды болашақта сату үшін инвесторға брокерлік шот қажет болады, сондықтан егер сіз ұзақ уақыт акционер болып қалуды жоспарласаңыз, бұл әдіс сізге қолайлы.

**3. «Қазпошта» арқылы.**  
Бұл әдіс брокерлік компаниялар ұсынылмаған шалғай аймақтардағы инвесторлар үшін және / немесе интернетке тұрақты қолжетімділігі жоқ адамдар үшін қолайлы. «Қазпошта» брокер қызметтерін, шарт жасасу және брокерлік компаниямен одан әрі өзара әрекеттесу үшін трансфер-агент қызметтерін, сондай-ақ арнайы терминалдар арқылы тікелей жазылу қызметтерін ұсынады.

### 1. Брокерлік компания арқылы акцияларды сатып алу жөніндегі нұсқаулық

**1 – қадам**

**Брокерді таңдау және онымен шарт жасасу.**

Мұны алдын ала жасаған дұрыс. Көптеген брокерлер олармен офисте хабарласу арқылы да, веб-сайттағы жеке кабинет немесе смартфондағы мобильді қосымша арқылы да өзара әрекеттесу мүмкіндігін ұсынады. Қазақстанда екі биржа жұмыс істейді: KASE және AIX. Сіз олардың кез келгені арқылы «ҚазМұнай-Газ» АҚ-ның акцияларын орналастыруға қатыса аласыз. Брокерлік компаниялардың тізімдерін төмендегі сілтемелерден табуға болады:

AIX брокерлері KASE брокерлері

**2 – қадам**

**Брокерлік шот ашу.**

Шарт жасалғаннан кейін брокер сізге депозитарийде — бағалы қағаздарды есептеуді, есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымда шот ашады. Қазақстанда осындай екі депозитарий жұмыс істейді: БҚОД және AIX CSD, брокер сізге қолжетімді биржаларда сауда жасауға мүмкіндік беретін тиісті брокерлік шотты ашады.

Шотты ашу үшін сізге жеке куәлік пен банк деректемелері туралы ақпаратты ұсыну қажет, сондай-ақ жеке деректері бар сауалнаманы толтыру керек (брокерлік шотты ашу үшін қажетті құжаттардың тізімі әрбір брокерде әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан осы ақпаратты тиісті брокерден нақтылауды сұраймыз). Брокерлік шотты цифрлық арналар арқылы ашқан кезде брокерлер қашықтан сәйкестендірудің заманауи әдістерін қолданады: ЭЦҚ, СМС, динамикалық немесе биометриялық сәйкестендіру.

**3 – қадам**

**Брокерлік шотқа ақша есептеу.**

Мұны алдын ала немесе бағалы қағаздарды сатып алудан бұрын жасауға болады. Банк пен брокердің аударымды өңдеуге кететін уақытын ескеріңіз. Ақшаны ағымдағы банктік шотыңыздан немесе басқа адамның шотынан брокерлік шотқа аударуға болады. Акция бағасына (немесе баға диапазонына), сондай-ақ сатып алғыңыз келетін бағалы қағаздардың санына байланысты инвестиция мөлшерін өзіңіз анықтайсыз. Алайда, аудару кезінде брокердің, биржаның және депозитарийдің комиссияларына жұмсалатын шығыстарды ескеру қажет.

# IPO 2022: СІЗ БІЛУҢІЗ КЕРЕК!

**4 – қадам**

**Жазылу мерзімі туралы ақпарат**

Инвесторлардың барлық өтінімдері «Өтінімдер кітабын» – сатып алушының деректерін және сатып алу жоспарланған акциялардың санын көрсете отырып, акцияларды сатып алуға өтінімдердің бірыңғай тізілімін қалыптастырады. «Өтінімдер кітабының» ашылу және жабылу күндері туралы ақпаратты ҚазМұнайГаз АҚ-ның веб-сайтынан, өз брокерінен немесе биржалардың жаңалықтар таспасынан білуге болады.

**5 – қадам**

**«Өтінімдер кітабына» акцияларды сатып алуға өтінім беру.**

Өтінім жазылу кезеңінде брокер арқылы беріледі. Өтінімді қағаз түрінде брокердің кеңсесінде немесе брокерлер сайттарында немесе мобильді брокерлік қосымшаларда сауда платформалары арқылы электрондық түрде беруге болады. Өтінімде сатып алуға жоспарланған акциялардың санын және бір акцияның бағасын көрсету қажет. Сіздің брокерлік шотыңыз өтінімнің сомасымен толтырылғанына көз жеткізіңіз.

**6 – қадам**

**Сіздің брокерлік шотыңызға акцияларды бөлу және есепке алу.**

«Өтінімдер кітабын» жабу қорытындысы бойынша бөлудің белгіленген тәртібі шегінде акцияларды инвесторлардың шоттарына есепке алумен мәмілелер есебі жүргізілетін болады. Есептеу аяқталғаннан кейін брокеріңіз сізге есеп пен үзінді-көшірмені жібереді, онда сіз сатып алған акциялар көрсетіледі немесе есеп пен үзінді-көшірме брокердің мобильді қосымшасында қолжетімді болады (есепті ұсынудың қолжетімді тәсілдері мен үзінді-көшірме әр брокерде әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан брокеріңізден есеп пен үзінді-көшірме алу тәсілдері туралы ақпаратты нақтылауды сұраймыз). Маңызды! Егер сіздің шотыңызда берілген өтінімді төлеу үшін қаражат жеткіліксіз болса немесе баға диапазонын қолданған жағдайда, сіз ұсынған бір акцияның бағасы «кесімді бағасынан» төмен болса, өтінім «кітаптан» алынып тасталады және акцияларды одан әрі есептеу кезінде қаражат алынбайды, ақша сіздің ағымдағы банктік шотыңызға қайтарылады.

### 2. Tabus қосымшасы арқылы акцияларды сатып алу жөніндегі нұсқаулық

Тікелей жазылу – бұл акцияларды бастапқы орналастыру кезінде тікелей эмитенттен/акционерден делдалдарсыз (брокерсіз немесе андеррайтерсіз) сатып алу туралы шарт жасасу. Тікелей жазылу брокерлер немесе андеррайтерлер (букбилдинг) арқылы жеке және институционалдық инвесторлардан өтінімдерді жинаудың әдеттегі әдісімен қатар жүргізілуі мүмкін.

Тікелей жазылу құралы Astana International Exchange биржасының және/немесе Қазақстанның барлық өңірлерінде «Қазпошта» бөлімшесінің қолдауымен әзірленген Tabus мобильдік қосымшасы арқылы қолжетімді болады.

Tabus арқылы акцияларға тікелей жазылу рәсімдеу үшін инвестордың жеке куәлігі, банк картасы және Интернетке қосылған смартфон болуы қажет. Қызмет тәулік бойы онлайн режимінде қолжетімді болады.

**1 – қадам**

**Tabus қосымшасын смартфонға жүктеп алыңыз.**

Қосымша AppStore және Google Play Market-те қолжетімді.

Download on the App Store GET IT ON Google Play

**2 – қадам**

**Тіркеуден өтіңіз.**

Қауіпсіздік мақсатында осы кезеңде сіздің жеке басыңызды растау қажет болады – ол үшін сіздің фото, видео және жеке куәлігіңіз қажет болады. Смартфонда камера, сонымен бірге алдыңғы камера жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

**3 – қадам**

**Банк картасын бекітіңіз.**

Бұл акцияларды сатып алу мақсатында қаражат аудару үшін қажет. Карта Қазақстанда шығарылуы тиіс.

**4 – қадам**

**Жазылу мерзімі туралы ақпаратты нақтылаңыз.**

Компаниялардың акцияларына өтінімдерді жинау (жазылу) кезеңі («кітаптың» ашылу және жабылу күндері) туралы ақпаратты эмитент-компанияның веб-сайтынан немесе тікелей Tabus қосымшасынан алуға болады.

**5 – қадам**

**Жазылу кезеңінде акцияларды сатып алуға өтінім беріңіз.**

Қосымшаның басты бетіндегі «IPO» бөлімін таңдап, «Өтінім беру» түймесін басыңыз. Барлық қажетті жолдарды толтырыңыз, өтінімнің сомасын көрсетіңіз және «Өтінімді жіберу» батырмасын басыңыз. Өтінім жіберілгеннен кейін сәйкес сома сіздің банк картаңыздан алынады. Тиісті функциялар жазылу кезеңінде қолданбада қолжетімді болады.

**6 – қадам**

**Өтінімді орындау.**

«Өтінімдер кітабы» жабылғаннан кейін бөлу тәртібі аясында инвесторлардың шоттарына акциялар түсіп, есеп айырылысады. Сіздің өтіңіңіз қанағаттан-дырылған жағдайда тиісті акциялар шотыңызға түседі және бағдарламаның басты бетінде көрсетіледі. Маңызды! Tabus қосымшасы биржалық саудаға мүмкіндік бермейтіндіктен, тікелей жазылым арқылы сатып алынған акцияларды кейіннен сату үшін сізге: 1) брокерді таңдау; 2) онымен шарт жасасу; 3) брокерлік шот ашу; 4) акцияларды брокерлік шотқа аудару және 5) сатуға өтінім беру қажет болады.

### 3.«Қазпошта» арқылы акцияларды сатып алу жөніндегі нұсқаулық

«Қазпошта» брокер қызметтерін, шарт жасасу және брокерлік компаниямен одан әрі өзара әрекеттесу үшін трансфер-агент қызметтерін, сондай-ақ арнайы терминалдар арқылы тікелей жазылу қызметтерін ұсынады.

**БРОКЕР**

Қазпоштаны брокер ретінде таңдаған кезде акцияларды брокерлік компания арқылы сатып алу бойынша қадамдық нұсқаулықты орындаңыз.

Қазпоштада брокерлік шотты офлайн (барлық бөлімшелерде емес) және post.kz веб-сайт арқылы онлайн ашуға болады

[Қазпоштаның брокерлік қызмет көрсету орындарының тізімі](#)

**ТРАНСФЕР-АГЕНТ**

Трансфер-агент - өз клиенттері арасында құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және ұсыну бойынша қызмет көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

Трансфер-агент ретінде Қазпоштаны таңдаған кезде сіз Қазпоштаның қызметтерін делдал ретінде пайдалана отырып, кез келген брокерлік компаниямен шарт жасасып, өзара әрекеттесуге аласыз.

Қазпоштаның трансфер-агенттік желісі арқылы акцияларды сатып алу үшін Қазпошта бөлімшесіне шарт жасасу және брокермен өзара әрекеттесу үшін хабарласа отырып, брокерлік компания арқылы акцияларды сатып алу бойынша қадамдық нұсқаулықты орындаңыз.

Трансфер-агент функциясы бар Қазпошта бөлімшелерінің тізімі.

**ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУ**

Қазпошта арқылы тікелей жазылу (брокерлік шот ашпай) таңдаған кезде акцияларды сатып алу смартфон арқылы емес, Қазпоштаның арнайы терминалдары арқылы Tabus қосымшасының көмегімен акцияларды сатып алу жөніндегі қадамдық нұсқаулықтағы сипаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Науқанға Қазпошта арқылы тікелей жазылу үшін автоматтандырылған бөлімшелердің біріне барып, операторға хабарласу қажет. Өзімен бірге ҚР азаматының жеке куәлігі болуы қажет. Қызмет науқанға жазылу кезеңінде қолжетімді болады.

Қазпоштаның автоматтандырылған бөлімшелерінің тізімі

Маңызды! Tabus қосымшасы биржалық сауда-саттыққа рұқсат бермейтіндіктен, кейіннен жазылу кезінде сатып алынған акцияларды сату үшін сізге:

1) брокерді таңдау 4) акцияларды брокерлік шотқа аудару  
2) онымен шарт жасасу 5) сатуға өтінім беру қажет болады  
3) брокерлік шот ашу

Қазпошта бөлімшелері арқылы жазылу тәртібі туралы ақпаратты 1499 нөмірі бойынша call-орталықтан немесе QPost ассистентінің көмегімен post.kz сайтынан білуге болады.

### Қаржылық сауаттылық туралы қосымша ақпаратты мына жерден табуға болады:

AIX анықтамалық материалдары KASE анықтамалық материалдары AIX брокерлерінің анықтамалығы KASE брокерлерінің анықтамалығы

### IPO туралы толық ақпаратты көрсетілген QRкод арқылы көруге болады.

### Алаяқтар қалай әрекет етеді?

Қазіргі уақытта алаяқтар ең алдымен интернет-ресурстарды пайдаланады: жалған сайттар мен әлеуметтік желілердегі парақшалар жасайды, интернет-жарнаманы және электрондық хаттарды таратуды іске қосады.

Алаяқтар қазақстандықтарға ақшаны «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына инвестиция салуды ұсынып, мұнай мен газды сатудан тез пайда табуға уәде береді. Бұл алдау. Тез және 100% пайда туралы уәделерге сенбеңіздер.

Есіңізде болсын, акцияларға қаражат салу — бұл болашаққа арналған инвестиция. Ешкім нарықтың нақты мінез-құлқын болжай алмайды, сондықтан қор нарығында ақша табуға да, салынған ақшаны жоғалтуға да болады. Тез пайда табуға уәде беру - алаяқтықтың белгісі.

### «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ IPO қашан өтеді?

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ IPO 2022 жылы өтеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын бастапқы орналастыру AIX және KASE алаңдарында жүргізіледі. Осы мақсатта «Самұрық-Қазына» АҚ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен бірлесіп, қазақстандық жетекші инвестициялық банкерді жобаға тартты.

Қор «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ IPO-сын Қазақстанның барлық тұрғындары үшін қолжетімді етуді, сондай-ақ бөлшек және институционалдық инвесторлардың барынша көп санын қамтуды жоспарлап отыр

Акцияларды үйден шықпай-ақ әртүрлі тәсілдермен сатып алуға болады: ол үшін Қазпоштаның, биржалардың және брокерлердің цифрлық инфрақұрылымын, сондай-ақ Tabus ресми мобильді қосымшасын пайдалану жоспарланады.

### Тек ресми ақпарат көздеріне сеніңіздер!

АҚ «Самұрық-Қазына» мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық қазақстандықтарды еліміздің жетекші мұнай-газ ұлттық компаниясының акцияларын сатып алуға қатысуға шақырады, бірақ азаматтардан қырағы болуды және тек ресми дереккөздерге сенуді сұрайды:

**«Самұрық-Қазына» АҚ**

Қордың ресми сайты: www.sk.kz  
Қордың IPO туралы сайты: ipo.sk.kz  
Facebook: facebook.com/SamrukKazyna  
Instagram: instagram.com/samrukkazyna\_official  
Telegram: t.me/samrukkazynaofficial  
YouTube: https://www.youtube.com/user/SKazyna

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**

Компанияның ресми сайты: www.kmg.kz  
Facebook: facebook.com/kazmunaygaspress/  
Instagram: instagram.com/kazmunaygaspress  
Telegram: t.me/kmgpress  
YouTube: youtube.com/user/KazMunaiGas



Еңбек адамы

# ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕР

Кешенді мұнайды дайындау және өткізу цехы бірыңғай технологиялық блоктың көмегімен тәулігіне 74 500 текше метр сұйықтық өндіреді. 1987 жылы іске қосылған БТБ қондырғысы 35 жыл бойы қаламқас мұнайшыларының игілігіне қызмет етіп келеді. Мұнай құрамындағы тұз, механикалық приместерден айыру, мұнайды жуып-шаю, стандартқа сай таза мұнай дайындау процестерін жүзеге асыратын алып қондырғы операторлар үшін өндірістегі көп жұмысты жеңілдетіп, сұйықтық өндіруді автоматты түрде басқаруға мол мүмкіндік сыйлады. 18 жасында Қаламқасқа келіп, ел қатарлы қара алтын өндірісінде табанды еңбек еткен жандардың бірі – Абен Аманқұлов.



Абен Қадырқалыұлы 1973 жылы Түрікменстанда туған. Кейіннен отбасымен Ақшұқыр ауылына қоныс аударып, сол жердегі орта мектепте білім алады. 1991 жылы СПТУ №1 училищесін тәмамдап, күзде «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы, мұнай дайындау және өндіру цехында 3-дәрежелі оператор болып

еңбек жолын бастайды. Қарапайым шаруа отбасынан шыққан ол мұнайшы болуды бала кезден мақсат тұтқан.

– Өзім үйдің үлкенімін, менен кейін 5 қарындасым, 3 інім бар. Әкем Қадырқалы Аманқұлов ұзақ жыл көлік айдады. Анам Зилияш балабақшада тәрбиеші болып



істеді. Сегізінші сыныпты оқып жүргенде мұнайшы болуды армандайтынмын. Мақсатыма бір табан жақындадым десем де болады, – дейді кейіпкеріміз.

Сол адал еңбек, төккен тер Абен Аманқұловты оператордан шебер деңгейіне дейін көтерді. 30 жылдан астам еңбек тәжірибесі өндірістің тікелей тағдырын шешетін, өндіріс тетіктері қолдарындағы жұмысшы маманды әрдайым алдыңғы шептен табылуға үйретті. Өз ұжымының алдында абыройы асқан Абеннің еңбек жолындағы қиындықтарды қайсарлықпен ноқталағаны көрініп-ақ тұр.

– Қазіргі таңда цехта 2-ауысыммен 131 адам еңбек етеді. Ұжым-тату, мамандар білікті. Қандай жағдай болмасын бірлесіп іс қыламыз. Өндірістегі кезек күттірмейтін жұмыстардың уақытылы орындалып, өз қарқынымен жүріп отыруы үшін міндетімізге мығым болуымыз қажет. Тәулігіне өндірілген сұйықтық ПТБ пештері арқылы 55 градус температурада қыздырылып, сепараторлар арқылы газы айырылады. Біздің цехтың жүгі мол. Жауапкершілікті әр жұмысшы жанындай сезінеді, – дейді білікті маман.

## «ЖҰМЫСҚЫЛЫП БОЙ ТҮЗЕ»



**Багдагүл Ботағараева өмірінің 40 жылын мұнай-газ өндірісіне арнаған жан. Осы уақыт ішінде ол еңбектің қара қазанында қайнап, табан аудармастан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында абыройлы жұмыс істеп жүр. Мұнайшылық Багдагүл үшін ілгергі буын ағалардан мирас болған кәсіп десек, әкесі қызының өндіріске келуіне көп қолдау көрсеткенін айтады. Багдагүл Текебайқызы қызығы мен қиындығы қатар жүретін саланың алғы сапында жүргеніне еш өкінбейді.**

еңбекқор еді. Біз сол тәрбиемен өстік, жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамадық. Ата-анам өмірден өтсе де, санамызға сіңірген тәлім-тәрбиесі ізге ерген ұрпаққа ауысып келеді-дейді сөз арасында.

Багдагүл бүгінде жолдасы екеуі бір ұл, бір қыздың ата-анасы. Ұлы мұнайшылық жолын қуып, бүгінде қасында оператор болып жұмыс істеп жүр.

– Бір цехта еңбек еткеніме ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Көп дүние өзгерді ғой. Ол кезде жұмысты ешбір жағдай талғамастан істейтінбіз. Кішкентай асханадан ас ішіп, вагондарды паналап жүре беретінбіз. Қазір өндіріс басындағы ұңғымалар да көбейді. Өндірістің қазіргі ахуалы айтарлықтай өзгерген. Технологияның соңғы жаңалықтары мұнай-газ саласына үлкен серпіліс әкелгенін мойындау керек. Біздің қарамағымызда жұмыс істеп тұрған 40-қа жуық ұңғыма бар. Міне, осы ұңғымалардың тәулік бойы қалтқысыз жұмыс істеп тұруы – мұнай және газ өндіру операторларының мойнында, – дейді ол.

Иә, расында, жаздың аптап ыстығы мен, қыстың қара суығында кірпік қақтастан ер азаматтармен қатар ауыр жұмыстарды еңсеріп жүрген өндірістегі қыз-келіншектердің ел әлеуетін көтеру жолындағы жанкештілігіне бүгінде күллі жұртшылық куә. Бейнетпен келген еңбектің наны да тәтті, берекесі де мол.

Багдагүлдің осындай машақаты мол өндіріске титтейінен төзіп, мол тәжірибие жинауына сеп болған бұрынғы басшылары мен шеберлерін, аға буын мұнайшыларды құрметпен еске алады.

– Мұратбай Жақсығатов цех басшысы болды, бүгінде зейнетте. Осы кісілер бастаған аға буынға айтар алғысым шексіз. Жылдар бойы жиған тәжірибиемнен түйгенім, бұл жұмыста ең алдымен табандылық, қайсарлық, төзімділік керек. Өйткені жұмыс болғасын қиындығы да, қызығы да болады. Сол қиындыққа мойымай, керісінше күш-жігеріңді жұмысты нәтижелі істеуге жұмсасаң ғана нағыз маман болып қалыптасасың. Қазір жасыратыны жоқ, жастардың көбі жеңіл жұмысқа жүгіреді. Нағыз жұмыстың ортасына түсіп шыңдалғысы келмейді, көп ақша тапқысы келеді. Кейде сондай жағдайларға қарным ашады. Бәрі бірдей кенсеге тығылса сонда жұмысты кім істейді деген сұрақтауады, – деді ол.

«Жұмысы жемістінің өмірі келісті» демекші, еңбекпен есейген Багдагүл апаның бұл сын-пікірі орынды-ақ. 40 жыл ғұмырын өндіріске арнаған тәжірибелі жанның айтары – «Жұмыс қылып бой түзе, өнер қуып ой түзе». Ендеше, бүгінгі жас маман ой түйіп, іске кіріссе, көнекей.

– №2 цехта 1982 жылдан бері еңбек етіп келемін. Қарапайым отбасында тәрбиеленіп өстік. Әкем Текебай Ботағараев мұнай саласына өмірін арнаған жан, ұзақ жыл аға оператор болып қызмет етті. Анам Ырысты Қоңырова Ақкетіктің тумасы, балық цехында жасады. Ол кісілер өте

ЖАННАТ НҰРҒАЛИ



## ПОЗНАВАТЕЛЬНО И ИНТЕРЕСНО

В рамках Международного Дня туризма, сотрудники Мангистауского историко-культурного заповедника, организовали передвижную смотр-выставку для работников производственного управления «Каламкасмұнайгаз».

Нефтяники Каламкаса ознакомились с экспозициями передвижной выставки: «Археологические памятники» и «Сакральные объекты Мангистау». Работники историко-культурного заповедника в доступной и в тоже время познавательной форме рассказали собравшимся о святых, исторических и культурных объектах Мангистау.

Рассказы специалистов, как и сама выставка, вызвали большой интерес у нефтяников, работники месторождения живо интересовались историей, археологией и культурой родного края, а также узнали много нового о местных мавзолеях, комплексах и памятниках.

По итогам встречи сотрудники историко-культурного заповедника передали в дар нефтяникам Каламкаса книги «Сисем ата қорымы» и «Қасиетті Қазақстан».



## «Мұнайлы өлке» қайырым қорының 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында атқарған жұмыстарының есебі

2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры (одан әрі - Қор) есеп-шотына келіп түскен ерікті қайырымдылық жарна соммасы 500 000 (бес жүз мың) теңгені құрады. Қор 2022 жылдың тамыз-қазан айларында 3 өтініш негізінде қайырымдылық көмегін жүзеге асырды. Олардың жалпы соммасы 697 340 теңгені құрады. Көмек көрсетуге ішінара өткен айлардан қалған қаражат қолданылды. Артылып қалған қаражат Қор есеп-шотында сақтаулы тұр. Бұл қаражат алдағы



уақытта Қор атына түскен өтініштерге сай жұмсалатын болады.

Қорға көмек сұрап хабарласқан азаматтар арасында «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ қызметкерлері, зейнеткерлеріміз бен үшінші тараптар болды. Олардың соммасы мен нысаналы мақсатымен келесі кестеден таныса аласыздар.

Одан бөлек Қордың мемлекет алдындағы салықтық міндеттемелерін өтеуге және Қор есеп-шотын жүргізуге 65 804 теңге тиісті мемлекеттік құзырлы органдар пайдасына төленді.

№	Аты-жөні	Көмек көрсетілген уақыты	Көмек соммасы, теңге	Мақсаты	Қосымша ақпарат
1.	Сарсенғалиева М.	Тамыз	200 000	Материалдық көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
2.	Қылыбаев Е.	Қыркүйек	200 000	Компания зейнеткері М. Коблашеваның еміне қаржылай қолдау көрсету үшін	«ММГ» АҚ бұрынғы қызметкері
3.	Ақшұқыр ауылдық мешіті	Қыркүйек	297 340	Ақшұқыр ауылдық мешітіне су жылыту қазандығын алып беру үшін	«ҚМГ» ӨБ қызметкерлерінің өтініші негізінде

Құрметті әріптестер! Қор қызметінің жүзеге асуына қосқан үлестеріңіз бен азаматтық белсенділіктеріңіз үшін өз атымнан және Қор көмегіне жүгініп, жанына сая тапқан азаматтар атынан баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін. Табыстарыңыз арта берсін!

Қорға салымшы болу, өз атыңыздан көмек беру мәселесі бойынша 215-312 телефон нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,  
«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры  
F.F.Әбдісадық

# ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ / ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ +7 771 545 18 30

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

2022 жылдың 23 қыркүйегінен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін қоғамның кен орындарындағы асханаларда **ТАМАҚТАНУ, ЖАТАҚХАНАЛАРДА ТҰРУ** және Қаламқас, Жетібай кен орындарының амбулаторияларында, сондай-ақ Ақтау қаласы 1 шағын аудандағы «Нейрон-мед» ЖШС емханасында **МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ** мәселелері туралы шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау бойынша **ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ** өз жұмысын бастайды.

Жедел желі нөмірі: **+ 7-771-545-18-30** (қоңыраулар, **WhatsApp** хабарламалары)

Қоңыраулар күн сайын сағат **09:00-ден 18:00-ге** дейін қабылданады.

Жедел желіге хабарласқан кезде міндетті түрде аты-жөніңізді, қайда және кім болып жұмыс істейтіндігіңізді айту қажет. Сондай-ақ, **WhatsApp**-қа фото/видео материалдарды қоса отырып хабарлама жіберуге болады.

Сонымен қатар, **TELEGRAM** хабарламалар желісінде «ММГ» АҚ ақпараттық каналы іске қосылғанын қаперіңізге береміз. Ол жерде жоғарыда аталған тақырыптар бойынша қызметкерлердің қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнамалар мен әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады. Осы орайда аталған каналға тіркеліп, сауалнамаларға уақытылы жауап беріп отыруларыңызды сұраймыз. Каналға тіркелу үшін ұялы телефоныңызға **TELEGRAM** қосымшасын орнатып, төменде көрсетілген **QR-кодты** ұялы телефоныңыздың камерасымен сканерлеңіз, тіркелу батырмасын басыңыз.



Ставим Вас известность, что с 23 сентября 2022 года, для работников АО «Мангистаумұнайгаз» начинается свою работу **ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ** по приему жалоб и предложений по вопросам **ПИТАНИЯ** в столовых, **ПРОЖИВАНИЯ** в общежитиях на месторождениях Общества, и **МЕДИЦИНСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ** в амбулаториях месторождений Каламкас и Жетыбай, а также в поликлинике ТОО «Нейрон-мед» г.Ақтау в 1 микрорайоне.

Номер телефона горячей линии: **+7-771-545-18-30** (звонки, сообщения по **WhatsApp**)

Звонки принимаются ежедневно с **09:00 до 18:00** часов.

При обращении на телефон горячей линии необходимо обязательно сообщить ФИО, место и должность. Также можно отправлять сообщения в **WhatsApp** с прикреплением фото/видеоматериалов.

Кроме того, доводим до вашего сведения, что в мессенджере **TELEGRAM** работает информационный канал АО «Мангистаумұнайгаз», где на постоянной основе будут проводиться опросы и социальные исследования на предмет удовлетворенности работников по вышеназванным направлениям. В этой связи, просим вас загрузить на ваши мобильные устройства приложение **TELEGRAM** и подписаться на канал отсканировав нижеуказанный **QR-код**.



# ЧМ 2022: РАСПИСАНИЕ ИГР

Группа А	Группа В	Группа С	Группа D	Группа Е	Группа F	Группа G	Группа H
Катар	Англия	Аргентина	Франция	Испания	Бельгия	Бразилия	Португалия
Эквадор	Иран	Сауд. Аравия	Австралия	Коста-Рика	Канада	Сербия	Гана
Сенегал	США	Мексика	Дания	Германия	Марокко	Швейцария	Уругвай
Нидерланды	Уэльс	Польша	Тунис	Япония	Хорватия	Камерун	Юж. Корея

## 20 ноября (воскресенье)

### Группа А

- Катар – Эквадор

## 21 ноября (понедельник)

### Группа А

- Сенегал – Нидерланды

### Группа В

- Англия – Иран
- США – Уэльс

## 22 ноября (вторник)

### Группа С

- Аргентина – Сауд. Аравия
- Мексика – Польша

### Группа D

- Дания – Тунис
- Франция – Австралия

## 23 ноября (среда)

### Группа Е

- Германия – Япония
- Испания – Коста-Рика

### Группа F

- Марокко – Хорватия
- Бельгия – Канада

## 24 ноября (четверг)

### Группа G

- Швейцария – Камерун
- Бразилия – Сербия

### Группа H

- Уругвай – Южная Корея
- Португалия – Гана

## 25 ноября (пятница)

### Группа А

- Катар – Сенегал
- Нидерланды – Эквадор

### Группа В

- Уэльс – Иран
- Англия – США

## 26 ноября (суббота)

### Группа С

- Польша – Сауд. Аравия
- Аргентина – Мексика

### Группа D

- Тунис – Австралия
- Франция – Дания

## 27 ноября (воскресенье)

### Группа Е

- Япония – Коста-Рика
- Испания – Германия

### Группа F

- Бельгия – Марокко
- Хорватия – Канада

## 28 ноября (понедельник)

### Группа G

- Камерун – Сербия
- Бразилия – Швейцария

### Группа H

- Южная Корея – Гана
- Португалия – Уругвай

## 29 ноября (вторник)

### Группа А

- Нидерланды – Катар
- Эквадор – Сенегал

### Группа В

- Иран – США
- Уэльс – Англия

## 30 ноября (среда)

### Группа С

- Сауд. Аравия – Мексика
- Польша – Аргентина

### Группа D

- Тунис – Франция
- Австралия – Дания

## 1 декабря (четверг)

### Группа Е

- Коста-Рика – Германия
- Япония – Испания

### Группа F

- Канада – Марокко
- Хорватия – Бельгия

## 2 декабря (пятница)

### Группа G

- Камерун – Бразилия
- Сербия – Швейцария

### Группа H

- Юж. Корея – Португалия
- Гана – Уругвай

## 3 декабря (Суббота)

### 1/8 финала

- 1 место гр. А – 2 место гр. В (1-я 1/8 финала)
- 1 место гр. С – 2 место гр. D (2-я 1/8 финала)

## 4 декабря (Воскресенье)

### 1/8 финала

- 1 место гр. D – 2 место гр. С (3-я 1/8 финала)
- 1 место гр. В – 2 место гр. А (4-я 1/8 финала)

## 5 декабря (Понедельник)

### 1/8 финала

- 1 место гр. Е – 2 место гр. F (5-я 1/8 финала)
- 1 место гр. G – 2 место гр. H (6-я 1/8 финала)

## 6 декабря (Вторник)

### 1/8 финала

- 1 место гр. F – 2 место гр. Е (7-я 1/8 финала)
- 1 место гр. H – 2 место гр. G (8-я 1/8 финала)

## 9 декабря (Пятница)

### Четвертьфиналы

- Победитель 5-й 1/8 финала – Победитель 6-й 1/8 финала (1-й четвертьфинал)

- Победитель 1-й 1/8 финала – Победитель 2-й 1/8 финала (2-й четвертьфинал)

## 10 декабря (Суббота)

### Четвертьфиналы

- Победитель 7-й 1/8 финала – Победитель 8-й 1/8 финала (3-й четвертьфинал)
- Победитель 4-й 1/8 финала – Победитель 3-й 1/8 финала (4-й четвертьфинал)

## 13 декабря (Вторник)

### Полуфиналы

- 22:00 Победитель 2-го четвертьфинала – Победитель 1-го четвертьфинала

## 14 декабря (Среда)

### Полуфиналы

- Победитель 4-го четвертьфинала – Победитель 3-го четвертьфинала

## 17 декабря (Суббота)

- Матч за третье место

## 18 декабря (Воскресенье)

# ФИНАЛ



# ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2022



**FIFA WORLD CUP  
Qatar 2022**

Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ».

Условия конкурса просты – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2022 (команды, занявшие первое, второе и третье места), еще одним условием конкурса является обязательная подписка на аккаунты АО «Мангистаумунайгаз» в Facebook, Instagram и Telegram

Победителей конкурса ждут призы!  
ОДИН УЧАСТНИК КОНКУРСА МОЖЕТ ПОДАТЬ НЕ БОЛЕЕ 5 КУПОНОВ!

**ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 18 НОЯБРЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО).**

Вырежьте купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: 6 мкр. зд. АО «Мангистаумунайгаз» (КазНИПИ), 238, 241 кабинеты  
Телефоны для справок: 211-885, 212-035.

**1 МЕСТО**

**2 МЕСТО**

**3 МЕСТО**

Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Должность: \_\_\_\_\_

Телефон: \_\_\_\_\_

Внимание!!!

Принимаются только оригинальные купоны, вырезанные с газеты



**Мұнайлы Өлке**

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық  
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
130000, Ақтау қаласы  
6 ш.а., № 1 ұй,  
тел:  
212-035, 215-266  
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет шығады.  
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.  
тел: 8(7292)507000